# "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 644 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын өкілетті мемлекеттік орган болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрылтайшылық құжаттарына қажетті өзгертулер енгізсін және әділет органдарында қайта тіркеуді жүзеге асырсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК